

**"Ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, ұсыну қағидаларын бекіту туралы"
"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 7-1/394 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы"**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 456 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 қаңтарда № 19836 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 7-1/394 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11265 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық есепке алу мен есептілікті жүргізу, ұсыну қағидаларында:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. ЖАО бөлімшелері есептіліктің мынадай түрлерін ұсынады:

- 1) осы Қағидалардың 10-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген есеп;
- 2) осы Қағидалардың 18-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көрсетілген есептер;
- 3) ветеринариялық-санитариялық объектілерді салу, лицензиялау мәселелері, ветеринария және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру саласында қызмет көрсететін ветеринариялық дәрігерлер саны туралы есеп (№ 7-вет нысан).";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Ведомствоның аумақтық бөлімшелері, оның ішінде ветеринариялық бақылау бекеттері есептіліктің мынадай түрлерін ұсынады:

1) мемлекеттік шекара арқылы алып өтілетін мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау бақылауындағы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қарап тексеріп туралы есеп (№ 11-вет нысан);

2) жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріндегі жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау және ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижелері туралы есеп (№ 12-вет нысан);

3) ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар мен жергілікті атқарушы органдар бөлімшелерінің тексеруі, сондай-ақ ветеринария саласындағы заңнаманың бұзылуы анықталғандығы туралы есеп (№ 13-вет нысан).".

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі*

С. Омаров